

Ырғыз ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаттың үшінші сессиясы мен облыс әкімінің 2000 жылғы 23 ақпандағы N 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 25 сәуірде N 479 тіркелді

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосы" сөздері "ауылдық", "ауылы" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .

Ескерту. Шешімнің тақырыбына өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11 бабының 2), 3) тармақшаларына сәйкес жасалған Ырғыз ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсынысы негізінде облыстық мәслихат пен облыс әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Аманкөл ауылдық округінің құрамынан жалпы көлемі 210000 гектар аумақты шығара отырып сызба-картаға сәйкес шекарасы өзгертілсін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Әкімшілік орталығы Ырғыз ауылы Ырғыз ауылдық округі құрылсын, сызба-картаға сәйкес оның құрамына елді мекендер мен жалпы көлемі 577839 гектар аумақ кіргізілсін.

Ескерту. 2 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Қайтадан құрылған Ырғыз ауылдық округін ұстау шығыны 2000 жылғы аудан әкімі аппаратының аудан орталығын дамыту бөлімін ұстауға қаралған лимит көлемінде жүргізілсін.

4. Облыстық статистика басқармасы (А.Д. Мұқаев) облыстық әкімшілік аумақтық бірліктердің есептік мәліметтеріне тиісті өзгерістер енгізсін.

5. Облыстық жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (М.Н. Жекеев) ауданның әкімшілік-аумақтық құрылысына енгізілген өзгерістерге сәйкес жер-кадастр құжаттарын тәртіпке келтірсін.

Ескерту. 5 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Облыстық Мәслихат сессиясының төрағасы

Облыс Әкімі